

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт
министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің Төрағасы




Есеналин Р.Б.

«26» 03 2026 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Футбол Федерациясы»
Қауымдастығы» ЗТБ
Бас хатшының міндетін атқарушы



Кеплин А.А.

«26» 03 2026 ж.

**2026 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ 2010-2011 Ж.Т. ҚЫЗДАР КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДА
ФУТБОЛДАН «ЖҰЛДЫЗ» МАУСЫМ АЛДЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІН ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана қ., 2026 жыл

1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ КЕТУ КҮНІ

1.1. Жарыстың атауы: 2026 жылғы маусымдағы қыздар командалары арасында футболдан «Жұлдыз» маусым алдындағы республикалық турнирі (бұдан әрі – Жарыс): 2010-2011 ж.т. қыздар командалары арасында өткізіледі.

1.2. Жарыстың мақсаттары мен міндеттері

- Қазақстан Республикасында әйелдер футболын дамыту;
- футбол клубтарының қыздар командалары ойыншыларының сапалы оқу-жаттығу процесін жүзеге асыру үшін жарыстарды өткізудің жүйелілігін қамтамасыз ету;
- футбол ортасында жыныстық белгілері бойынша, нәсілдік, діни, ұлттық тиістілік мәселелерінде кемсітушілікті қадағалау және оған жол бермеу;;
- командалардың ойыншылардың Жарысқа қатысуы үшін қарастырылған медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді және антидопингтік ережелерді сақтауы;
- Қазақстан Республикасының құрама командалары үшін ойыншыларды даярлау;
- кәсіби ойыншыларды оқыту және тәрбиелеу, сондай-ақ оларды басты аймақтық команда үшін, сонымен қатар басқа да қазақстандық футбол клубтары үшін дайындау.

1.3. Жарыстарды жалпы ұйымдастыруды, өткізуді және оның өткізілуін бақылауды Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – ҚФФ) жүзеге асырады.

1.4. Жарыстарды тікелей ұйымдастыруды, өткізуді және басқаруды ҚФФ-ның Балалар-жасөспірімдер мен әйелдер футболы жарыстарын өткізу дирекциясы (бұдан әрі – БЖФД) ҚФФ-ның Әйелдер футболы бөлімімен (бұдан әрі – ӘФБ) және Элиталық жасөспірімдер футболы және таланттарды анықтау бөлімімен (бұдан әрі – ЭЖФЖАТ), сондай-ақ Жарыстың Төрешілер алқасын құрайтын ҚФФ-ның Төрелік ету, инспекциялау және VAR-ды дамыту департаментімен (бұдан әрі – ТЖИД) бірлесе отырып жүзеге асырады. Төрешілер алқасының құрамына келесілер кіреді: Жарыстың бас төрешісі, Жарыс хатшысы, ҚФФ Төрешілер комитетінің төрағасы және/немесе оның атынан қатысатын өзге тұлға. Төрешілер алқасының құрамына сонымен қатар БЖФД, ЭЖФЖАТ, ӘФБ және ТЖИД қызметкерлері кіруі мүмкін.

Жарыс ЭЖФЖАТ бөлімі жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының футбол таланттарын анықтау және дамыту ұлттық жүйесінің бөлігі болып табылады. Жарыс матчтарын ЭЖФЖАТ бөлімі Қазақстан Республикасының жасөспірімдер құрама командаларына кандидаттардың ұлттық пулын қалыптастыру және жаңарту мақсатында перспективалы ойыншыларды бақылау, талдау және бағалау үшін ресми платформа ретінде пайдаланады. ЭЖФЖАТ бөлімі Жарыс матчтарына орталықтандырылған және өңірлік бақылау жүргізуге, соның ішінде ұлттық және өңірлік скауттарды тартуға, сондай-ақ матчтардың бейнематериалдарын талдау және әдістемелік мақсаттарда пайдалануға құқылы.

1.5. Төрелік ету Халықаралық футбол ассоциациялары кеңесі (IFAB) бекіткен «Футбол ойыны ережелерінің» қолданыстағы редакциясына сәйкес жүзеге асырылады.


1.6. Жарыстың бас төрешілері мен хатшыларын ҚФФ Төрешілер комитеті тағайындайды.

1.7. Жарыс матчтарына матч төрешілері, матч төрешісінің көмекшілері, сондай-ақ қажет болған жағдайда резервтік төреші тағайындалады.

1.8. Әр матчтың ұзақтығы: 45 минуттан 2 тайм. Таймдар арасындағы үзіліс – 15 минут.

Жарысты өткізу кезінде ҚФФ спорттық нәтижеден гөрі ойыншыларды дамыту басымдылығын негізге алады. Жарыс бірінші кезекте оқу-жаттығу процесінің элементі және перспективалы ойыншыларды анықтау кезеңі ретінде қарастырылады. ЭЖФЖАТ бөлімі теңгерімді ойын уақытын, құрам ротациясын және ойыншылардың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге және клубтардың назарына жеткізуге құқылы.

1.9. Жарыстың әрбір матчының толтырылған қорытынды хаттамасын Жарыстың бас төрешісі электронды түрде regwomen@kff.kz электрондық пошта мекенжайына жіберуі тиіс. Матч хаттамалары мен есептердің көшірмелері Жарыстың бас төрешілерінде ағымдағы маусым аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.



1.10. Жарысқа қатысушылардың сандық құрамы ҚФФ уәкілетті органының отырысында бекітіледі және 2010-2011 ж.т. аспайтын жас санатында өткізіледі.

1.11. Жарысқа қатысатын барлық клубтар өздерінің қатысатынын жазбаша түрде растауы, келу және кету күні мен уақытын, сондай-ақ өз командасының тұратын жерін көрсетуі тиіс. Хаттар Жарыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірілмей келесі мекенжайға жіберілуі тиіс: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі 5а, «Қазақстан футбол федерациясы», 2-қабат, 205-кабинет, ӘФБ, e-mail: regwomen@kff.kz.

1.12. Жарыс бір кезеңде өткізіледі. Жарыс форматы мен ойын күнтізбесін қатысушылардың сандық құрамы анықталғаннан кейін БЖФД ӘФБ-мен бірлесіп бекітеді. БЖФД қатысушылардың сандық құрамы өзгерген жағдайда, сондай-ақ жарыстың өткізілуіне әсер етуі мүмкін басқа да факторлар туындағанда, Жарыстың өткізілу орнына, мерзіміне және форматына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

1.13. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Жарыс матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер қолданылуы мүмкін. Қосымша шарттардың және/немесе шектеулердің тізімі осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан аумағында жарыстарды өткізу хаттамасында көрсетіледі.

1.14. Осы Ережеде көзделмеген, Жарыс барысында туындауы мүмкін мән-жайлар бойынша шешімді БЖФД ӘФБ-мен бірлесіп қабылдайды.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. Жарысқа осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, өз заңды тұлғасының құрылымында «Футбол орталығы» және/немесе «Футбол академиясы» (бұдан әрі – ФО және ФА) балалар-жасөспірімдер мен жастар футболының оқшауланған бөлімшесі бар футбол клубтарының қыздар командалары қатысады.

2.2. Жарысқа қатысуға сонымен қатар «ҚФФ ұйымдастыратын жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасының футбол клубтарын лицензиялау жөніндегі қағидалардың» қолданыстағы редакциясының талаптарына сәйкес лицензиялау рәсімінен өткен кәсіби футбол клубтарының қыздар командалары жіберілуі мүмкін.

2.3. Ереже шарттарының бірін орындамау немесе командалардың Жарыс матчтарына қатысудан бас тартуы кінәлі клубқа қатысты «ҚФФ Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолдануға әкеп соғады.

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Командалар ойыншылардың Жарысқа қатысуы үшін медициналық-санитарлық талаптар мен антидопингтік ережелерді сақтауы тиіс. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Жарыс матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер қолданылуы мүмкін. Қосымша шарттардың және/немесе шектеулердің тізімі осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан аумағында жарыстарды өткізу хаттамасында көрсетіледі.

3.2. Жарыс барысында медициналық көмекті «Қазақстан футбол федерациясы» ЗТБ қауымдастығы қамтамасыз етеді.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

4.1. Өтінім парақтары ӘФБ белгілеген нысан бойынша толтырылады, клуб басшысының қолымен, ойыншыларды медициналық тексеруден өткізген медициналық мекеме дәрігерінің рұқсатымен және тиісті мөрлермен куәландырылады.

Ескертпе: өтінім парақтары Төрешілер алқасына ұсынылады және ҚФФ логотиптері бар, А4 форматында басып шығарылған түрде ресімдеуге қабылданады. Жарысқа қатысу үшін өтінім берген барлық ойыншылар «KFF-connect» платформасында тіркелуі тиіс.



4.2. Команданың өтінім парағына клуб белгіленген тәртіппен тіркеген кемінде 23 ойыншының тегі енгізіледі. Басшылық құрамның ең аз саны – екі адам. Өтінім парағын медициналық мекеме, футбол клубы және тиісті аумақтық бірліктің Жергілікті футбол федерациясының басшысы куәландырады.

4.3. Матч барысында әр команда матч хаттамасына енгізілген ойыншыларды шектеусіз сан рет ауыстыруға құқылы. Кері ауыстыруларға тыйым салынады.

4.4. Матч хаттамасына енгізілген Жарыстың барлық қатысушылары Төрешілер алқасының мүшелеріне жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқасын ұсынуға міндетті.

4.5. Команда өкілдері матч басталудан 45 минут бұрын матч хаттамасына ойыншылардың ойын нөмірлерін көрсете отырып, олардың тегі мен есімін және командалардың өтінім парақтарын енгізуге міндетті. Матч хаттамасына команданың аға жаттықтырушысы мен дәрігер қол қояды.

4.6. Командаларды іссапарға жіберуге байланысты шығындарды (екі жаққа жүру жолы, жолдағы тәуліктік шығыстар, сондай-ақ команданың тамақтануы мен тұруы) қатысушы командалар көтереді.

4.7. Автокөлікті, футбол алаңдарын жалдау ақысын төлеуге, Жарыстың бас төрешісіне, хатшысына және Жарысқа қызмет көрсететін дәрігерлерге сыйақы төлеуге, жедел медициналық жәрдем машинасының болуын қамтамасыз етуге, матчтарды бейнетаспаға түсіру жұмысын ұйымдастыруға байланысты барлық шығындарды ҚФФ көтереді.

4.8. Жарыс матчтарында көрсетілген қызметтері үшін төрешілер мен медициналық персоналға сыйақы төлеу келесі мөлшерлерде (бір матчқа шаққандағы есеппен) жүзеге асырылады:

Жарыстың бас төрешісі – 12 000 теңге.

Матчтың бас төрешісі – 18 000 теңге.

Төрешінің ассистенттері 2 адам – 9 000 теңге (әрқайсысына).

Хатшы – 4 000 теңге.

Физиотерапевт (дәрігер) – 6 000 теңге.

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Жарыс жиналған ұпайларды есепке алмай, иеленген орындарды және үздік ойыншыларды анықтамай өткізіледі.

6. НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

6.1. Наразылықтар ҚФФ Бақылау, тәртіптік және этикалық комитетінің (бұдан әрі – БТЭК) отырысында қаралады. Наразылық матч өткізу бөлігінде «Футбол ойыны қағидаларын» сақтамауға және/немесе осы Ереженің талаптарын бұзуға байланысты фактілерге (әрекеттерге немесе әрекетсіздікке) қатысты берілуі мүмкін.

6.2. Қарауға қабылданбайды:

- уақтылы берілмеген наразылықтар;
- матч хаттамасында тіркелмеген наразылықтар;
- төрешіліктің сапасына қатысты наразылықтар.

6.3. Наразылықтың мазмұнында шағым беруге негіз болған себептер, сондай-ақ осы Ережені бұзуға және/немесе «Футбол ойыны қағидаларын» сақтамауға байланысты мән-жайлар егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс.

6.4. Жаттықтырушы матч аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей наразылық білдіруге құқылы және бұл туралы Жарыстың бас төрешісіне дереу хабарлауға міндетті. Наразылық беру фактісі (қысқаша мазмұны) матч хаттамасында көрсетіледі.

6.5. Қарсылас команданың өкілі наразылық берілгені туралы хабардар етілуі тиіс, бұл жөнінде матч хаттамасына тиісті жазба енгізіледі.

6.6. Жаттықтырушы қол қойған, наразылық егжей-тегжейлі жазылған өтініш матч аяқталған сәттен бастап 24 сағат ішінде факсимильді байланыс және/немесе электрондық пошта арқылы БЖФД және/немесе ЭФБ мекенжайына жолдануы тиіс.



6.7. Наразылық барлық материалдар келіп түскен сәттен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірілмей қаралады.

6.8. Наразылық беруге байланысты қажетті материалдарды клуб матч аяқталған күннен бастап 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей немесе БЖФД және/немесе ӘФБ талабы бойынша 24 сағат ішінде ұсынуы тиіс.

6.9. Наразылықтың мазмұнын құрайтын жағдайлар тиісті материалдармен, атап айтқанда: матч хаттамасындағы және Жарыстың бас төрешісінің рапортындағы жазбалармен, төрешілердің рапорттарымен және/немесе жағдайларды объективті және толық зерттеуге ықпал ететін өзге де құжаттармен расталуы тиіс.

6.10. Наразылық берген лауазымды тұлғалар наразылықта көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы мен объективтілігі үшін жауапты болады. Наразылықта жалған, бұрмаланған мәліметтер болған жағдайларда, сондай-ақ матч хаттамасына наразылық беру туралы жазба енгізіліп, бірақ клуб ҚФФ-ға материалдарды жолдау бойынша кезекті қажетті іс-қимылдарды жасамаса, БТЭК футбол клубына немесе наразылық берген тұлғаларға «ҚФФ Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолданады.

